

Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 532 "
Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау
туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 113 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 8481 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 159 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 11.04.2024 № 159 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 532 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7940 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес белгіленеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы аудандық
мәслихатының төрағасы*

С. Аманжолов